

№ 4 әдістемелік кеңестің хаттамасы

18.04.2025

Қатысқаны: 28

Өткізу түрі: аукцион, педагогикалық идеялар фестивалі

Тақырыбы: «Педагогикалық идеялар фестивалі»

Күн тәртібінде:

1. «Ертегі әлеміне саяхат» жобасы - «Гүлдер» тобы (А.Толыбайқызы);
2. «Қалдық заттар» жобасы - «Балапан» тобы (Г.Азирбекова);
3. «Ертегілер әлемінде» жобасы - «Қошакан» тобы (А.Мухамбетжанова);
4. «Табиғат бұрышы» жобасы - «Ақбота» тобы (А.Аманғалиева);
5. «Денсаулық-зор байлық» жобасы - «Көбелек» тобы (Ғ.Измалеуова);
6. «Театр-өз қолыммен» жобасы - «Шұғыла» тобы (Ж.Тлеумағанбетова);
7. «Қызықты сенсорика» жобасы - «Жұлдызша» тобы (Г.Калниязова);
8. «Сенсорика әлемі» жобасы - «Айгөлек» тобы (Г.Сүндетова).

ЖИНАЛЫС БАРЫСЫ:

Кіріспе бөлімінде әдіскер И.А. Джанадилова әдістемелік кеңестің тақырыбын және мақсатын түсіндірді, әдістемелік кеңестің аукцион, «Педагогикалық идеялар фестивалі» түрінде өтетінін хабарлады. Барлық қатысушы топтарды ортаға шақырып, интербелсенді тактадан ұсынылатын жобалау жұмыстары туралы қысқаша ақпарат беретін бейнероликті көрсетті. Жеребе ұйымдастырылып, тәрбиешілер номерлерді тандау арқылы өздерінің шығу реттіліктерін айқындап алды. Жобалау жұмыстарын қорғау төмендегі реттілік бойынша жүзеге асырылды:

1. «Ертегі әлеміне саяхат» жобасы - «Гүлдер» тобы (А.Толыбайқызы);
2. «Қалдық заттар» жобасы - «Балапан» тобы (Г.Азирбекова);
3. «Ертегілер әлемінде» жобасы - «Қошакан» тобы (А.Мухамбетжанова);
4. «Табиғат бұрышы» жобасы - «Ақбота» тобы (А.Аманғалиева);
5. «Денсаулық-зор байлық» жобасы - «Көбелек» тобы (Ғ.Измалеуова);
6. «Театр-өз қолыммен» жобасы - «Шұғыла» тобы (Ж.Тлеумағанбетова);
7. «Қызықты сенсорика» жобасы - «Жұлдызша» тобы (Г.Калниязова);
8. «Сенсорика әлемі» жобасы - «Айгөлек» тобы (Г.Сүндетова).

Барлық топтар мен қорғалатын жобалау жұмыстары айтылып болғаннан кейін, қазылар алқасының мүшелері таныстырылды. Қазылар алқасының мүшелері:

1. Балабақша педагогі Койшыбаева Гүлжан Куантаевна;
2. «Ақсайын» тобының тәрбиешісі Тлеуова Маншук.

Әдіскер И.А.Джанадилова жобалау жұмыстарын бағалау кезінде бағаланатын критерийлерге тоқталды:

- Жобаның толтырылуы (жылдық жоспар, (жоспар бойынша өткізілген уақыттың қойылуы, тақырып бойынша материал болса, қосымша балл қосуға болады);
- Көрме (бұрыштың, материалдың жинақталуы);
- Жұмыстың жүргізілу барысы (жоспар бойынша жасалған жұмыс, көрсетілген жұмыстың жоспар бойынша жүзеге асырылуы);
- Жобаның қорғалуы, презентациясы (анықтылығы, дұрыстығы, слайдтың болуы, жұмысты ұсына білуі).

1. Бірінші сұрақ бойынша «Ертегілер әлемінде» жобасы бойынша «Гүлдер» тобының тәрбиешісі А.Толыбайқызы қорғады:

Мақсаты: Ертегілерді сахналау барысында кейіпкерлердің мінез-құлқын жеткізе білуге үйрету. Суретке көңіл қойып мазмұның түсіне білуге үйрету. Ертегідегі кейіпкерлердің сөз мәнерін, қимыл-қозғалысын келтіріп ойнауға үйрету. Сөздерді анық айтуға, есте сақтау қабілетін дамыту.

-баланың бойына озық әдет-ғұрып, салт-дәстүрлерді

сіңіретіндей, имандылыққа, ізгілікке тәрбиелеу;

-әдемі сөйлей білу мәнерін арттыру;

Міндеттері:

-баланың сөздік қорын молайту;

-баланың тілін дамыту;

-баланы мазмұндауға дағдыландыру;

-баланы жақсылық пен жамандықты айыра білуге үйрету;

-ертегілерді өздері орындата отырып, қызығушылық қалыптастыру;

-кейіпкерлердің дауыс ырғағын сала білуге көңіл аудару;

-кейіпкерлер арасындағы достық, қамқорлық сезімді ұғындыра отырып бір-біріне әдептілік, кішіпейілділік жасау, қиын жағдайда жәрдемдесу;

Ұзақтылығы: 1 жыл

Қолданатын әдіс тәсілдер:

1. түсіндіру - көрсету,

2. сұрақ - жауап,

3. баяндау, бақылау,

4. қимылды көрсету,

5. ертегі айту,

6. сахналау,

7. Суретке карап мазмұның айта білу,

8. мадақтау, бағалау

Күтілетін нәтижелер:

Оқу іс әрекетінде балалар ынталарын мен қызығушылықтарын қалыптастыру, өз бетінше бейнелеу іскерлігін меңгеру, сурет салуына, танымдық-шығармашылық белсенділігіне әсер ету арқылы әр бала танып-білуге және шығармашылыққа қажетті затты санасына жеткізу. Өз беттерімен үйлестіруге, еске сақтап сурет салуға, сурет тақырыбына байланысты образдарды тұрғызуға, қимыл қозғалыстарды бейнелеуге, заттардың түр-түсін беруге бейімдеу.

Сөздерді анық айтып есте сақтау қабілеттерін дамытты.

Суретке карап мазмұның айта білу

Ертегідегі кейіпкерлердің сөз мәнерін, қимыл - қозғалысын ойнап келтірді.

Ермексазбен, құрастыркмен өз еріктерімен жұмыс дағдыларын көрсеттеді.

Сөздерді анық айтып, есте сақтау қабілеттерін дамытты.

ертегіге еніп, қиялдауды үйренеді

2. Екінші сұрақ бойынша «Қалдық заттар» жобасын «Балапан» тобының тәрбиешісі Г.Азирбекова қорғады.

Адам баласының кез келген шаруашылық іс - әрекеті әр түрлі қалдықтармен табиғатты ластайды. Бұл халықтың денсаулығы мен өміріне, флора мен фауна түрлерінің қысқаруына, қоршаған ортадағы тепе теңдікке қауіп тудырады. Кен үйінділерін, коқыстарды тек қоршаған ортаны бұзатын ластағыштар деп санауға болмайды. Қалдық заттардан да пайдалы бұйым жасауға болатынын осы жоба арқылы дәлелдеуге болады.

Кезінде Д.И. Менделеев «Қалдық заттар болмайды, тек қолданылмаған қалдықтар болады» деп бекер айтпаған.

«Қалдық заттар әлемі» атты жоба стандарттан бөлек шығармашылық жұмыс қылып алынды. Бұл жобада балалар қалдық заттар туралы көптеген мағлұмат алып, олардан әр түрлі пайдалы бұйымдар жасауға болатынын көреді.

Балалардың сенсорлық сезгіштік және ізденімпаздық қабілеттерін, табиғатқа деген сүйіспеншіліктерін, қызығушылықтарын арттыра отырып, оған қамқор болуға тәрбиелеу бұл жобаның мақсаты болып табылады.

Тақырыбы: «Қалдық заттар әлемі»

Мақсаты: Балаларға қалдық заттар туралы түсінік бере отырып олардан әр түрлі пайдалы бұйымдар жасауға болатынын көрсету.

Жобаның бағыттауы: 1-кіші топ балалары

Жүзеге асыру мерзімі: 2 ай

Қатысушылар жасы: 4 жас

Қатысушылар саны: 25 бала

Жобаның міндеті:

Балалардың қалдық заттар туралы түсініктерін кеңейту және әр түрлі қажетсіз заттарды пайдаға асыра білуді үйрету.

Өзектілігі: Баланың эстетикалық және көркем тәрбиесі, олардың дамуы. Балаға көмек қолын созып әр түрлі әдістер ұсыну қажет. Өйткені кез келген дәстүрлі емес технология балаға іздеу, тырысу, ойлау т.б мүмкіндіктер береді.

Қолданылатын әдіс - тәсілдер:

Ойын

Сөздік

Түсіндіру

Жапсыру

Баяндау

Әңгімелеу

Нәтижені талдау әдісі

Дидактикалық ойындар

Жеке балалар арасындағы қарым - қатынасты басқару әдістері

Күтілетін нәтиже

Қалдық заттардан балалар шығармашылық жұмыс жасай алады.

Қалдық заттарды пайдаға асыра алады.

Қалдық заттар туралы түсінік алып, олардан әр түрлі бұйымдар, керекті заттар жасауға болатынын түсінеді өз бетімен жасауға ұмтылады.

3.Үшінші сұрақ бойынша «Ертегілер әлемінде» жобасын «Қошақан» тобының тәрбиешісі Ә.Мухамбетжанова қорғады.

Театр әр балаға қуаныш ұмтылмас әсер сыйлайды, оның көркемдік талғамын, еліктеуі мен қиялын дамытады. Әдетте адамның жеке басының қасиеттері бес жасқа дейін қалыптасады екен. Сондықтанда да баланың жан – жақты қалыптасуы үшін мектеп жасына дейінгі бүлдіршіндердің бойына жақсы, жағымды қасиеттерді сіңіре білу керек. Бала әр нәрсеге құмар, қызықыш, ол өзінің айналасында болып жатқан өзгерісті, тамаша құбылыстарды сезінуге тырысады. Оның жан - жақты дамып, жеке тұлға болып тәрбиеленуіне, тілінің дамуын театрландырылған ойындар арқылы жетілдіруге болады. Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев айтқандай «Қазақстан-2030» бағдарламасында жан-жақты білімі бар, тез дамыған, дүние жүзіне әйгілі және сыйлы мемлекеттің патриоттарын тәрбиелеу ісін педагогтар қауымына жүктеген. Сол жуырда, жауапты істердің нәтижелі болуы әрине біздерге байланысты, сондықтан да әр педагог балаға білімді беріп қана қоймай, сол білімді баланың бойына сіңіру жолында, баланың білімге деген қызығушылықтарын оята отырып, оның бойындағы қабілеттерін аша білу керек деген екен.

Қорыта келгенде, театр балалардың шығармашылық қабілеттерін жетілдіріп қана қоймай олардың өзара қарым – қатынасын, өнерге деген қызығушылықтарын арттырады. Сонымен бірге сахнаға бейімделген балалардың бойында өзіне деген сенімі артып, алғашқы өзіне арналған қол шапалақтауларды сезіне алады.

Қалай десекте театр – балалар үшін мереке, демалыс орны. Балаларының ертеңгілікте, сахнада ойнаған рөлдерін көру ата – аналар үшін зор бақыт деп білемін. Ал осындай бақытқа жол ашу біздер үшін мол бақыт деп есептеймін.

Тақырыбы: «Театр түрлері»

Мақсаты:

- Баланың шығармашылығын театр түрлері арқылы дамыту, сөйлеу қабілеттерін жан - жақты жетілдіру;

Міндеттері:

- Балалардың театр туралы білімдерін кеңейту;
- Балалардың тілін, сөйлеу мәдениеті мен дүниетанымын дамыту.
- Баланы жақсылық пен жамандықты айыра білуге үйрету.
- Театрлық іс - әрекетті ертегілерді пайдалана отырып қызығушылығын қалыптастыру.

Ұзақтылығы: 1 жыл

Қатысушылар жасы: 2 жас

Қатысушылар саны: 24 бала

Әдіс-тәсілдер:

- түсіндіру - көрсету
- сұрақ - жауап
- баяндау, бақылау
- кимылды көрсету
- ертегіні айту
- сахналау
- мадақтау, бағалау

Күтілетін нәтиже:

- Балаларға ертегіні сахналау шеберлігін үйрету.
- Балалардың тіл мәдениетін, адамгершілік жан дүниесін қалыптастыру.
- Балаларға ертегідегі кейіпкерлердің сөз мәнерін, кимыл қозғалысын көрсете білуге үйрету.

4.Төртінші сұрақ бойынша «Табиғат бұрышы» жобасын «Ақбота» тобының тәрбиешісі А.Аманғалиева қорғады.

5.Бесінші сұрақ бойынша «Денсаулық-зор байлық» жобасын «Көбелек» тобының тәрбиешісі Ғ.Измалева қорғады.

6.Алтыншы сұрақ бойынша «Театр-өз қолыммен» жобасын «Шұғыла» тобының тәрбиешісі Ж.Тлеумағанбетова қорғады.

Тақырыптың өзектілігі:

Мектепке дейінгі баланы тәрбиелеу мен дамыту ісіне байланысты мақсаттарды шешуде театр ерекше рөл атқарады. Театр әр балаға қуаныш ұмтылмас әсер сыйлайды, оның көркемдік талғамын, еліктеуі мен қиялын дамытады.

Мақсаты: Мектеп жасына дейінгі баланың шығармашылығын театр түрлері арқылы дамытып, сөйлеу қабілеттерін жан - жақты жетілдіру, қазақ тіліне деген құрмет сезімдеріне тәрбиелеу.

Міндеттері:

- Балалардың тілін, сөйлеу мәдениеті мен дүниетанымын дамыту.
- Балаларды адамгершілікке баулу.
- Баланың қиялын есте сақтауын шығармашылық қабілетін дамыту, ойдан әңгіме, ертегі шығарып айтуға дағдыландыру. Театрлық іс - әрекетті ертегілерді пайдалана отырып ойын дамыту.

- Баланың әлеуметтік және эмоционалдық дамуына жағдай жасап, әр баланың жеке дара әртістік, шығармашылық қасиеттерін ескере отырып, өзін қоршаған ортаға, адамдарға, құрбыларына, өзіне деген қарым - қатынас мәдениетін қалыптастыру.

Жүзеге асыру мерзімі: 1 жыл

Қатысушылар жасы: 4-5 жас

Қатысушылар саны: 25 бала

Қолданылатын әдіс – тәсілдер:

- ұйымдастыру әдісі;
- түсіндіру әдісі;
- сөздік әдіс;
- көрсету әдісі;
- әңгімелеу, сауалнама, тест;
- нәтижені талдау әдісі;
- дидактикалық ойындар;
- жеке балалар арасындағы қарым – қатынасты басқару әдістері;

Күтілетін нәтижелер:

Театр, оның түрлері туралы түсініктері болады;

Қазақ тіліндегі сөздік қоры молаяды;

Диалог бойынша сөйлесу арқылы тіл мәдениетін жетілдіреді.

7. Жетінші сұрақ бойынша «Қызықты сенсорика» жобасын «Жұлдызша» тобының тәрбиешісі Г.Калинцова қорғады.

Мақсаты ойындарда, жаттығуларда және әртүрлі іс-әрекет түрлерінде (сурет салу, жапсыру, мүсіндеу, құрастыру) мектеп жасына дейінгі балалардың ұсақ қол моторикасын дамыту.

Міндеттері:

1. Қарындаш, қалам, қылқалам, фломастерді дұрыс ұстауға үйрету.
 2. Осы құралдарды пайдалана білуді өзіндік массаждар, ойындар, жаттығулар көмегімен меңгерту.
 3. Көру қабілетін дамыту.
 4. Қоршаған орта туралы түсініктерін кеңейту.
 5. Қағаз бетіндегі кеңістікті бағдарлап, жұмыс жасауға дағдыландыру.
 6. Балалардың психикалық және физикалық денсаулығын нығайтып, сақтау.
 7. Үлкендермен, құрбы-құрдастарымен жағымды қарым-қатынас орнату.
 8. Тапсырмаларды дұрыс орындауға үйрету, жеке-даралық қасиеттерін тәрбиелеу.
- Бұл міндеттердің жүзеге асуы балалардың жас ерекшелігіне сай интеллектуальдық дамуы мен мектепке дайындығын ұйымдастырады.

Ұзақтылығы: 2 ай.

Қолданылатын әдіс-тәсілдер:

- ұсақ заттармен орындалатын қозғалыстар (мозаика, конструктор, жарма, ұсақ ойыншықтар, есептегіш таяқшалар, түйме, моншак).
 - сөздік әдіс;
 - әңгімелеу;
 - •қол саусақтарына өзіндік, алақанға өзіндік массаж;
 - саусақ гимнастикасы мен саусақты ойындар;
 - жеке балалар арасындағы қарым - қатынасты басқару әдістері.
- Сурет салу (саусақтармен, ермексазбен, сызықта үлгі бойынша бояу, жапсыру, оригами).

Күтілетін нәтижелер:

- *Балалар:*
- -қолының ұсақ моторикасы дамиды;
- -байланыстырып сөйлеуі жоғарылайды;

- -дидактикалық ойындарға деген қызығушылығы арта түседі;
- -қимыл-қозғалыс белсенділігі дамиды;
- - зер салу, назар аудару деңгейі көтеріледі;
- -кеңістікті бағдарлай білу дағдысы қалыптасады;
- -ұжыммен қарым-қатынасқа түсе алатын, сөздік қоры бай, коммуникативтік сапасы дамыған, тілі, ұсақ қол моторикасы, танымдық, шығармашылық қабілеті дамыған тұлға қалыптастыру.

8.Сегізінші сұрақ бойынша «Сенсорика әлемі» жобасын «Айгөлек» тобының тәрбиешісі Г.Сүндетова қорғады.

Максаты ойындарда, жаттығуларда және әртүрлі іс-әрекет түрлерінде (сурет салу, жапсыру, мүсіндеу, құрастыру) мектеп жасына дейінгі балардың ұсақ қол моторикасын дамыту.

Міндеттері:

1. Қарындаш, қалам, қылқалам, фломастерді дұрыс ұстауға үйрету.
2. Осы құралдарды пайдалана білуді өзіндік массаждар, ойындар, жаттығулар көмегімен меңгерту.
3. Көру қабілетін дамыту.
4. Қоршаған орта туралы түсініктерін кеңейту.
5. Қағаз бетіндегі кеңістікті бағдарлап, жұмыс жасауға дағдыландыру.
6. Балалардың психикалық және физикалық денсаулығын нығайтып, сақтау.
7. Үлкендермен, құрбы-құрдастарымен жағымды қарым-қатынас орнату.
8. Тапсырмаларды дұрыс орындауға үйрету, жеке-даралық қасиеттерін тәрбиелеу.

Бұл міндеттердің жүзеге асуы балалардың жас ерекшелігіне сай интеллектуальдық дамуы мен мектепке дайындығын ұйымдастырады.

Ұзақтылығы: 2 ай.

Қолданылатын әдіс-тәсілдер:

- ұсақ заттармен орындалатын қозғалыстар (мозаика, конструктор, жарма, ұсақ ойыншықтар, есептегіш таяқшалар, түйме, моншақ).
 - сөздік әдіс;
 - әңгімелеу;
 - •қол саусақтарына өзіндік, алақанға өзіндік массаж;
 - саусақ гимнастикасы мен саусақты ойындар;
 - жеке балалар арасындағы қарым - қатынасты басқару әдістері.
- Сурет салу (саусақтармен, ермексазбен, сызықта үлгі бойынша бояу, жапсыру, оригами).

Практикалық бөлімде барлық топтар жобалау жұмыстары бойынша көрмеге қойылған жұмыстарын таныстырып, қорғады.

Әдіскер И.А.Джаналилова педагогтердің арасында жобалау жұмыстарын аукционға салып, аукцион ойынын ойнатып, «Ең үздік жоба» жұмыстарын анықтады.

Қазылар алқасының шешімі бойынша ортаңғы «Ақбота» тобы бас жүлдеге ие болды.

Шешімі:

1. Жобалау жұмыстары қанағаттанарлық деп бағалансын;
2. Ең үздік жоба болып ортаңғы «Ақбота» тобының «Табиғат бұрышы» жобасы танылсын.

Төрайымы:



И.А. Джаналилова

Хатшы:



А.Нурдин